

**Астана қаласы әкімдігінің «Патологоанатомиялық бюро» ШЖҚ МКК қызметіндегі
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері туралы 2025
жылғы 01 маусым мен 2026 жылғы 31 мамыр аралығындағы кезеңге арналған
талдамалық анықтама**

Астана қ.

23.07.2026 ж.

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі – Қағидалар) және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №488 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды (бұдан әрі – Әдістеме) орындау мақсатында Астана қаласы әкімдігінің «Патологоанатомиялық бюро» ШЖҚ МКК (бұдан әрі – Кәсіпорын) қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі – СЖТІТ) жүргізілді.

СЖТІТ Кәсіпорынның 2026 жылға арналған сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспарына және «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» Кәсіпорын директорының 2026 жылғы 14 мамырдағы №42-Ө бұйрығына сәйкес 2026 жылғы 01 маусым мен 13 шілде аралығында, Кәсіпорынның 2025 жылғы 01 маусым мен 2026 жылғы 31 мамыр аралығындағы қызмет кезеңі бойынша, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Кәсіпорын директорының 2025 жылғы 29 желтоқсандағы №108-Ө бұйрығымен құрылған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссияның мүшелері: Г.Н. Асанова, Е.С. Горшкова, О.В. Коос, А.Т. Шаймерденова, сондай-ақ комплаенс-офицер Л.В. Тян-Ю-Чанның қатысуымен келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

- 1) Кәсіпорынның қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

**1.Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім
лауазымдарды айқындау**

Кәсіпорынның Байқау кеңесінің 2023 жылғы 29 маусымдағы №2 хаттамасымен бекітілген Кәсіпорынның ұйымдық құрылымына және Кәсіпорын директоры жыл сайын бекітетін штаттық кестелерге сәйкес персоналды басқаруды Кәсіпорын директорына тікелей бағынатын адам ресурстарын басқару жөніндегі аға менеджер жүзеге асырады.

Еңбек қатынастары Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне сәйкес жасалған еңбек шарттарының негізінде Кәсіпорын директорының бұйрықтарымен ресімделеді. Жұмысқа қабылдау кезінде соттылығының жоқтығы туралы анықтама, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтердің жоқтығы туралы анықтама, активтер мен кірістер туралы декларация ұсынылады. Жұмысқа қабылдау қажетті құжаттар болған кезде кәсіби қасиеттеріне қарай жүзеге асырылады. Еңбек жағдайларына және қызмет бойынша жоғарылатуға қатысты қандай да бір іріктемелі талаптар белгіленбеген.

2025 жылғы 01 маусым мен 2026 жылғы 31 мамыр аралығында жұмысқа 11 адам қабылданды, оның ішінде талданып отырған 2025 жылғы кезеңде – 9 адам, талданып отырған 2026 жылғы кезеңде – 2 адам; 11 қызметкермен, оның ішінде талданып отырған 2025 жылғы кезеңде – 8 қызметкермен, талданып отырған 2026 жылғы кезеңде – 3 қызметкермен еңбек шарттары бұзылды.

Барлық медицина қызметкерлері маман сертификатын алу үшін қайта даярлау және біліктілікті арттыру курстарына уақтылы өтеді. Жалған сертификаттар анықталған жоқ.

Талданып отырған кезеңде Кәсіпорын қызметкерлері әкімшілік жауаптылыққа тартылған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мен тәртіптік теріс қылықтар жасағаны үшін теріс себептермен жұмыстан босату фактілері анықталған жоқ.

Талданып отырған кезеңде 4 қызметкер тәртіптік жауаптылыққа тартылды, оның ішінде талданып отырған 2025 жылғы кезеңде – 4 қызметкер, ал талданып отырған 2026 жылғы кезеңде тәртіптік жауаптылыққа тартылған қызметкерлер болған жоқ.

Талдау барысында Кәсіпорын бөлімдері туралы ережелер мен қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары зерделенді. Талдау нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен ережелер анықталған жоқ.

Кәсіпорын қызметкерлерінің штаттық саны – 136,25 бірлік, 2026 жылғы 31 мамырдағы жағдай бойынша нақты қызметкерлер саны – 49 адам, оның ішінде 8-і – қоса атқарушылар.

Кәсіпорынның кадрлық әлеуетін сақтау, кадрлардың тұрақтамауын болдырмау, олардың еңбек нәтижелеріне қызығушылығын арттыру, еңбек тиімділігі мен көрсетілетін қызметтердің сапасын жоғарылату мақсатында Кәсіпорын қызметкерлеріне республика заңнамасында көзделген қосымша ақылар белгіленеді, қоса атқару бойынша жұмыс істеуге рұқсат етіледі. Дәрігерлерге, орта және кіші медицина персоналына, сондай-ақ әкімшілік-шаруашылық бөлімінің қызметкерлеріне бос лауазымдарды қоса атқарғаны үшін қосымша ақы төленеді.

Осы бөлім бойынша СЖТІТ жүргізу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

2. Мүдделер қақтығысын реттеу

СЖТІТ жүргізу барысында Кәсіпорынның лауазымды адамдары мен қызметкерлері арасында мүдделер қақтығысы жағдайлары, сондай-ақ мүдделер қақтығысына әкеп соғуы мүмкін немесе әкеп соғатын жағдайлар анықталған жоқ.

Кәсіпорынның барлық қызметкерлері Кәсіпорынның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің мүдделер қақтығысын реттеу қағидаларымен таныстырылып, оларды адал орындау туралы растауға қол қойған, ал басқа ұйымдарда жұмыс істейтін қызметкерлер қоса атқаратын жұмысы (лауазымы) туралы өтініштер тапсырған.

Осы бөлім бойынша СЖТІТ жүргізу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету

Кәсіпорын Жарғысына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету функциялары берілмеген.

4. Рұқсат беру функцияларын іске асыру

Кәсіпорын Жарғысына сәйкес рұқсат беру функцияларын жүзеге асырмайды.

5. Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру

Кәсіпорын Жарғысына сәйкес бақылау-тексеру функцияларын жүзеге асырмайды.

6. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу

Мемлекеттік сатып алу порталында 2026 жылғы 12 ақпанда Кәсіпорынның 2025 жылғы 1-қаңтар мен 2025 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы қызметінің нәтижелері бойынша тәуелсіз аудиторлар жүргізетін қаржылық аудитті өткізуге «Эксперт аудит КЗ» ЖШС-мен №21 шарт жасалды. Аталған аудит тапсырыс берушінің өтінімі негізінде 2026 жылғы шілде-тамыз айларында жүргізілетін болады.

Тәуелсіз аудиторлар жасаған 2025 жылғы қаржылық есептілік 2026 жылғы тамызда Байқау кеңесінің хаттамасымен келісіліп, кейін Кәсіпорын директорының бұйрығымен бекітілетін болады.

Кәсіпорын Астана қаласы әкімдігі белгілеген таза табыстың бір бөлігін аудару нормативіне сәйкес, 2025 жылғы таза табыстың бір бөлігін 2026 жылғы 17 наурызда бюджетке уақтылы аударды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің орынбасарының 2025 жылғы 30 сәуірдегі №18 бұйрығына сәйкес Кәсіпорынның 2026 жылға арналған даму жоспары

уактылы әзірленіп, бекітілді және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ақпараттық ресурстарында орналастырылды.

Даму жоспарын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 4 маусымдағы №110 бұйрығына сәйкес Кәсіпорында тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді (ТЖҚ) мемлекеттік сатып алу және медициналық бұйымдарды (МБ) сатып алу жоспары бекітілді. Аталған жоспарға сәйкес ТЖҚ мемлекеттік сатып алу және МБ сатып алу бекітілген қаражат шегінде жүзеге асырылады.

Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалған тәртіппен және нысан бойынша бекітіледі және нақтыланады, оған өзгерістер заңнамада белгіленген мерзімдерде енгізіледі.

Бюджет қаражатын (Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының (МӨМСҚ) қаражаты) және басқа да қаржы қаражатын (ақылы қызметтер, ТМҚКК бойынша бірлесіп орындау) игеру және бөлу мынадай мақсаттарға:

1. республика заңнамасына сәйкес Кәсіпорын қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеуге;
2. республика заңнамасына сәйкес салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуге;
3. Кәсіпорынның жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін медициналық бұйымдар мен шығыс материалдарын сатып алуға;
4. кадрлардың біліктілігін арттыруға және қайта даярлауға;
5. коммуналдық қызметтердің (жылыту, электр энергиясы, сумен жабдықтау) ақысын төлеуге;
6. өзге де шығыстарға (байланыс қызметтері, оның ішінде интернет, кеңсе және шаруашылық тауарларын, жанар-жағармай материалдарын, өзге де тауарлар мен қызметтерді сатып алу, оның ішінде пайдаланылатын ақпараттық жүйелерге қызмет көрсету, медициналық техниканы сервистік қызметпен қамту, банк қызметтерінің ақысын төлеу және т.б.);
7. негізгі құралдарды жаңартуға жүзеге асырылады.

Осы бөлім бойынша СЖТІТ жүргізу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

7. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу

Кәсіпорынның қызметі тиісті қаржы жылына арналған Кәсіпорынның даму жоспарына сәйкес жасалатын шарттардың негізінде жүзеге асырылады.

Талданып отырған 2025 жыл кезеңінде және 2026 жылдың бес айында Кәсіпорын тапсырыс беруші ретінде төменде келтірілген кестеге сәйкес мемлекеттік сатып алу бойынша 124 рәсім өткізді және сатып алу тәсілдері бойынша өнім берушілермен тиісті шарттар жасасты, оның ішінде:

талданып отырған 2025 жылғы кезеңде:

Сатып алу тәсілі	Жасалған шарттардың саны
Бағалық ұсыныстар сауалы	41
Өтпеген сатып алулар бойынша бір көзден	22
Бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен (39-баптың 3-тармағының 1) тармақшасы – табиғи монополиялар салаларына жататын қызметтерді сатып алу).	10
Барлығы:	73

2026 жылғы 5 ай үшін:

Сатып алу тәсілі	Жасалған шарттардың саны
Бағалық ұсыныстар сауалы	35

Өтпеген сатып алулар бойынша бір көзден	5
Бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен (39-баптың 3-тармағының 1) тармақшасы – табиғи монополиялар салаларына жататын қызметтерді сатып алу).	11
Барлығы:	51

Даму жоспарына сәйкес көзделген сатып алулар бойынша барлық шарттар электрондық мемлекеттік сатып алу порталы арқылы уақтылы жасалды.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің №110 бұйрығы негізінде талданып отырған кезеңде медициналық бұйымдарды сатып алу жүргізілген жоқ.

Бекітілген мемлекеттік сатып алудың және медициналық бұйымдарды сатып алудың жылдық жоспарында көзделмеген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді (ТЖҚ) және медициналық бұйымдарды (МБ) сатып алуға жол берілмейді.

Мемлекеттік сатып алу рәсімдерін өткізу бойынша камералдық бақылау барысында ескертулер түскен жоқ. Сот органдары Кәсіпорынды мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы шешімдер қабылдаған жоқ.

Жекеменшік медициналық ұйымдар өтініш жасаған (оферта ұсынған) жағдайда олармен шарттар қағаз жеткізгіште жасалады.

Талданып отырған 2025 жылғы кезеңде Кәсіпорын өнім беруші ретінде барлығы 87 шарт жасасты, оның ішінде:

1. мемлекеттік сатып алу порталы арқылы – 18;
2. жекеменшік ұйымдармен – 45;
3. қосалқы мердігерлік бойынша бірлесіп орындаушы ретінде – 24;
4. «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ-пен мемлекеттік сатып алудың fms есс веб-порталы арқылы – 1 (Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) және Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) шеңберінде).

2026 жылдың бес айында Кәсіпорын өнім беруші ретінде барлығы 57 шарт жасасты, оның ішінде:

5. мемлекеттік сатып алу порталы арқылы – 11;
6. жекеменшік ұйымдармен – 32;
7. қосалқы мердігерлік бойынша бірлесіп орындаушы ретінде – 14;
8. «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ-пен мемлекеттік сатып алудың fms есс веб-порталы арқылы – 1 (Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) және Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) шеңберінде).

Шарттық міндеттемелер бойынша бұзушылықтар анықталған жоқ.

Ақылы қызметтердің бекітілген прејскуранты Кәсіпорынның интернет-ресурсында орналастырылған, сондай-ақ тіркеу бөліміндегі монитор экранында электрондық форматта көрсетіледі және қағаз жеткізгіштегі шарттарды жасасу кезінде қызметтерге тапсырыс берушілердің назарына жеткізіледі.

Осы бөлім бойынша СЖТІТ жүргізу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

8. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану

Кәсіпорында ақпараттық жүйелерді әзірлеу жүзеге асырылмайды. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің («Дамумед», ДСБАЖ), Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің («Мемлекеттік сатып алу порталы», «Салық төлеушінің кабинеті», Активтер порталы, e-Kazyna), Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің («ENBEK.KZ», РБЖ-2, ЕКС), сондай-ақ 1С:Бухгалтерия, Documentolog, Stat.gov.kz және уәкілетті органдардың ведомстволық нормативтік құқықтық актілері мен қолданыстағы стандарттарға сәйкес енгізілген өзге де ақпараттық жүйелері пайдаланылады.

Осы бөлім бойынша СЖТІТ жүргізу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

9. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелер

Кәсіпорын қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Кәсіпорын өз қызметінде Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексін, Бюджет кодексін, Еңбек кодексін, Салық кодексін, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексін, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларын, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрықтарын, сондай-ақ өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті басқа да мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

Кәсіпорынның ішкі құжаттары республика заңнамасына қайшы келмейді және қызметкерлердің еңбек міндеттерін орындау кезінде туындайтын еңбек қатынастарын реттеуге бағытталған. Кәсіпорын қызметкерлерінің құқықтарын шектейтін құжаттар анықталған жоқ.

Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Кәсіпорын өз қызметін медициналық қызметпен айналысуға берілген мемлекеттік лицензияның, бекітілген Жарғының негізінде және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 14 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-259/220 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында патологиялық-анатомиялық диагностика қызметін ұйымдастыру стандартына сәйкес жүзеге асырады.

Кәсіпорынның иелігінде тек Жарғыда көзделген қызметті және әкімшілік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті мүлік қана болады.

Кәсіпорында бекітілген нормативке сәйкес 1 (бір) қызметтік автокөлік бар, оған 1 (бір) жүргізуші қызмет көрсетеді, сондай-ақ тәулік бойы ауысыммен қызмет көрсететін 4 (төрт) жүргізушіге бекітілген 2 (екі) арнайы автокөлік және қысқы кезеңде Кәсіпорын аумағын қардан тазалау үшін пайдаланылатын әрі жүргізушілер қызмет көрсететін 1 (бір) алдыңғы тиегіші бар доңғалақты трактор бар.

Кәсіпорында Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес тоқсанына бір рет тұрақты түрде қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, сондай-ақ Кәсіпорын қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қолданудың тиімділігін арттыруға бағытталған түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

2023 жылдан бастап Кәсіпорында бекітілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы құжаттама қолданыста. Кәсіпорынның барлық қызметкерлері аталған құжаттамамен таныстырылып, тиісті құжаттарға қол қойған. Бұл құжаттар қызметкерлердің жеке істеріне тіркелген.

Аталған құжаттама Кәсіпорынның ресми интернет-ресурсында орналастырылған. Жаңадан жұмысқа қабылданатын қызметкерлер де бекітілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы құжаттамамен танысып, тиісті құжаттарға қол қояды, ал бұл құжаттар олардың жеке істеріне де тіркеледі.

2026 жылдың бірінші тоқсанында Кәсіпорынның барлық қызметкерлері өздерінің және жұбайларының (бар болған жағдайда) 2025 жылға арналған кірістері туралы декларацияны тапсырғаны жөніндегі хабарламаларды (270-нысан) ұсынды. Аталған құжаттар Кәсіпорын қызметкерлерінің жеке істеріне тіркелген.

Кәсіпорынның және оның қызметкерлерінің қызметінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне қатысты жеке және заңды тұлғалардан өтініштер түскен жоқ.

Талданып отырған 2025 және 2026 жылдар кезеңінде Кәсіпорынның және оның қызметкерлерінің қызметіне қатысты бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланымдар болған жоқ.

Кәсіпорынның ресми интернет-ресурсында Кәсіпорын туралы ақпарат орналастырылған, сондай-ақ азаматтардың Кәсіпорын қызметкерлерінің лауазымдық өкілеттіктерін теріс пайдалану фактілері туралы хабарлай алуы үшін сенім телефоны және директордың азаматтарды қабылдау кестесі жарияланған.

Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы хабарландыру, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелерін жария талқылаудың басталғаны туралы хабарландыру және Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау хаттамасы Кәсіпорынның ресми интернет-ресурсында орналастырылған.

Талданып отырған 2025 және 2026 жылдар кезеңінде прокурорлық қадағалау актілері түскен жоқ.

Талданып отырған 2025 және 2026 жылдар кезеңінде сот талқылаулары жүргізілген жоқ.

Осы бөлім бойынша СЖТІТ жүргізу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелері

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің нәтижелеріне сәйкес Кәсіпорын қызметкерлері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін қылмыстық та, әкімшілік те жауапкершілікке тартылған жоқ.

ТМККК және МӘМС шеңберіндегі бюджет қаражатын пайдалану қаржыландыруға қатаң сәйкес жүзеге асырылады. Түскен қаражаттың тиімді пайдаланылуына тұрақты бақылау жүргізіледі, сондай-ақ бюджет қаражатын жоспарлау, негізгі құралдар мен тауарлық-материалдық құндылықтардың сақталуы және есептен шығарылуы, мемлекеттік сатып алу, бухгалтерлік есеп пен есептіліктің жай-күйі, көлік құралдарын пайдаланудың белгіленген нормативтерінің сақталуы, штат саны мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкестігіне бақылау жүзеге асырылады.

Кәсіпорындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген талдау нәтижесінде Кәсіпорын қызметінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары анықталған жоқ.

Ұсынымдар:

1. Кәсіпорында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауына жол бермеу мақсатында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу жөніндегі түсіндіру және насихат жұмыстарын тұрақты негізде жүргізу.

2. Жүргізілген талдау негізінде Даму жоспарын қалыптастыру және мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру үшін қаражатты жоспарлауға тұрақты мониторинг жүргізу.

3. Кәсіпорын қызметінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары анықталмағандықтан, Кәсіпорындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу.

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдардың тізілімін әзірлеу.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссия мүшелері:

Г.Н. Асанова

Е.С. Горшкова

О.В. Коос

А.Т. Шаймерденова

Л.В.Тян-Ю-Чан

Аналитическая справка
о результатах внутреннего анализа коррупционных рисков в деятельности ГКП на
ПХВ «Патологоанатомическое бюро» акимата города Астана за период с 01.06.2025
года по 31.05.2026 года

г. Астана

23.07.2026 года

Во исполнение Типовых правил проведения внутреннего анализа коррупционных рисков, утвержденных приказом Председателя Агентства по противодействию коррупции (Антикоррупционной службы) №21, от 16 января 2023 года (далее – Правила) и Методических рекомендаций по проведению внутреннего анализа коррупционных рисков, утвержденных приказом Председателя Агентства по противодействию коррупции (Антикоррупционной службы) №488, от 30 декабря 2022 года (далее – Методика), был проведен внутренний анализ коррупционных рисков (далее – ВАКР) в деятельности ГКП на ПХВ «Патологоанатомическое бюро» акимата города Астана (далее – Предприятие).

ВАКР проводился согласно Плану мероприятий Предприятия по профилактике и противодействию коррупции на 2026 год и приказу директора Предприятия №42-Ө, от 14.05.2026 года «О проведении внутреннего анализа коррупционных рисков» в срок с **01.06.2026 по 13.07.2026 года**, за период деятельности Предприятия с **01.06.2025 года по 31.05.2026 года**, комиссией по противодействию коррупции, созданной приказом директора Предприятия №108-Ө, от 29.12.2025 года «О противодействии коррупции»: Асановой Г.Н., Горшковой Е.С., Коос О.В., Шаймерденовой А.Т., при участии комплаенс-офицера, Тянь-Ю-Чан Л.В., по следующим направлениям:

- 1) выявление коррупционных рисков в нормативных правовых актах, затрагивающих деятельность Предприятия;
- 2) выявление коррупционных рисков в организационно-управленческой деятельности Предприятия.

1. Управление персоналом, в том числе, определение должностей, подверженных коррупционным рискам

Согласно организационной структуре Предприятия, утвержденной протоколом Наблюдательного совета Предприятия, №2, от 29.06.2023 года, и утверждаемым ежегодно директором Предприятия штатным расписанием управление персоналом осуществляется старшим менеджером по управлению человеческим ресурсами, который находится в непосредственном подчинении директора Предприятия.

Трудовые отношения оформляются в соответствии с Трудовым кодексом Республики Казахстан приказами директора Предприятия на основании заключенных трудовых договоров. При приеме на работу предоставляются справки об отсутствии судимости, сведений о коррупционных правонарушениях, декларации об активах и доходах. Прием осуществляется по профессиональным качествам при наличии требуемых документов. Каких-либо избирательных условий труда и продвижения по службе не установлено.

За период с 01.06.2025 года по 31.05.2026 года было принято на работу 9 человек, в том числе за анализируемый период 2025 года - 9, за анализируемый период 2026 года - 2; расторгнуты трудовые договоры с 11 работниками, из которых за анализируемый период 2025 года - 8, за анализируемый период 2026 года - 3.

Все медицинские работники своевременно обучаются на курсах переподготовки и повышения квалификации для получения сертификата специалиста. Поддельных сертификатов не выявлено.

За анализируемый период к административной ответственности сотрудники Предприятия не привлекались.

Фактов увольнения по отрицательным мотивам за совершение коррупционных правонарушений и дисциплинарных проступков не установлено.

За анализируемый период к дисциплинарной ответственности было привлечено 4 работника, в том числе за анализируемый период 2025 года – 4, за анализируемый период 2026 года не было работников, привлеченных к дисциплинарной ответственности.

В ходе анализа были изучены положение об отделах и должностные инструкции работников Предприятия. По результатам анализа дискреционных полномочий и положений, способствующих совершению коррупционных правонарушений, не выявлено.

Штатная численность работников Предприятия – 136,25 единиц, фактическая численность работников на 31.05.2026 года – 49 человек, в том числе 8 - совместителей.

Для сохранения кадрового потенциала Предприятия, предотвращения текучести кадров, повышения их заинтересованности в результатах труда, в увеличении эффективности труда и качестве оказываемых услуг, работникам Предприятия устанавливаются доплаты, определенные законодательством республики, разрешается работа по совместительству. Врачи, средний и младший медицинский персонал, а также работники административно-хозяйственного отдела получают доплаты за совмещение вакантных должностей.

Коррупционных рисков по данному разделу при ВАКР не выявлено.

2. Урегулирование конфликта интересов

В ходе ВАКР ситуаций конфликта интересов и ситуаций, которые могли или могут привести к конфликту интересов, среди должностных лиц и работников Предприятия не установлено.

Все работники Предприятия ознакомлены с утвержденными Правилами урегулирования конфликта интересов должностных лиц и работников Предприятия с подписанием подтверждения об их добросовестном исполнении, а работающие в других организациях – заявления о совмещении работы (должностей).

Коррупционных рисков по данному разделу при ВАКР не выявлено.

3. Оказание государственных услуг

Предприятие, согласно Уставу, не наделено функциями на оказание государственных услуг.

4. Реализация разрешительных функций

Предприятие, согласно Уставу, не осуществляет разрешительных функций.

5. Реализация контрольно-ревизионных функций

Предприятие, согласно Уставу, не осуществляет контрольно-ревизионных функций.

5. Освоение и распределение бюджетных и финансовых средств

На портале государственных закупок 12.02.2026 года был заключен договор №21 на проведение финансового аудита независимыми аудиторами по результатам деятельности Предприятия за период с 01 января 2025 года и по 31 декабря 2025 года с ТОО «Эксперт аудит KZ», который будет проведен по заявке заказчика проведен в июле - августе 2026 года.

Финансовый отчет за 2025 год, составленный независимыми аудиторами, будет согласован протоколом Наблюдательного совета в августе 2025 года, после чего будет утвержден приказом директора Предприятия.

Предприятием своевременно, 17 марта 2026 года, перечислена в бюджет часть чистого дохода Предприятия за 2025 год, согласно нормативу отчисления части чистого дохода, установленному акиматом города Астана.

Предприятием своевременно в соответствии с приказом заместителя Министра национальной экономики РК №18, от 30.04.2025 года, был разработан и утвержден План развития Предприятия на 2026 год, который размещен на информационных ресурсах Министерства финансов РК.

Во исполнение Плана развития в соответствии с законом РК «О государственных закупках» и приказом Министра здравоохранения РК №110, от 04 июня 2023 года, на Предприятии был утвержден План государственных закупок товаров, работ, услуг (ТРУ) и

закупа медицинских изделий (МИ), согласно которому осуществляются закупки ТРУ и закуп МИ в пределах утвержденных средств.

Годовой план государственных закупок товаров, работ и услуг утверждается и уточняется в порядке и форме, определяемые правилами осуществления государственных закупок, изменения вносятся в установленные законодательством сроки.

Освоение и распределение бюджетных (средства Фонд обязательного медицинского страхования (ФОМС) и других финансовых средств (платные услуги, соисполнение по ГОБМП) осуществляется на:

1) оплату труда работников Предприятия в соответствии с законодательством республики;

2) налоги и другие обязательные платежи в бюджет в соответствии с законодательством республики;

3) приобретение МИ и расходных материалов для функционирования Предприятия;

4) повышение квалификации и переподготовку кадров;

5) оплату коммунальных услуг (отопление, электроэнергия, водоснабжение);

6) прочие расходы (связь, в том числе интернет, приобретение канцелярских и хозяйственных товаров, ГСМ, прочих товаров и услуг, включая обслуживание используемых информационных систем, сервисное обслуживание медицинской техники, оплата банковских услуг и т.п.);

7) обновление основных средств.

Коррупционных рисков по данному разделу при ВАКР не выявлено.

7. Заключение договоров с физическими и юридическими лицами

Деятельность Предприятия осуществляется на основании заключаемых договоров в соответствии с Планом развития Предприятия на соответствующий финансовый год.

За анализируемый период 2025 года и пять месяцев 2026 года Предприятием, как **Заказчиком**, было проведено процедур по государственным закупкам – 124, согласно ниже приведенной таблице, с заключением договоров с поставщиками по способам закупки, в том числе:

за анализируемый период 2025 года:

Способ закупа	Количество заключенных договоров
Запрос ценовых предложений	41
Из одного источника по несостоявшимся закупкам	22
Из одного источника путем прямого заключения договора (пп.1 п.3 ст.39 приобретения услуг, относящихся к сферам естественных монополий)	10
Всего:	73

за пять месяцев 2026 года:

Способ закупа	Количество заключенных договоров
Запрос ценовых предложений	35
Из одного источника по несостоявшимся закупкам	5
Из одного источника путем прямого заключения договора (пп.1 п.3 ст.39 приобретения услуг, относящихся к сферам естественных монополий)	11
Всего:	51

Все договоры закупок по Плану развития Предприятия заключены через портал электронных государственных закупок своевременно.

Выявление коррупционных рисков в организационно-управленческой деятельности Предприятия:

Предприятие осуществляет свою деятельность на основании Государственной лицензии на занятие медицинской деятельностью, в пределах утвержденного Устава и в соответствии со Стандартом организации патологоанатомической диагностики в Республике Казахстан, утвержденным приказом Министра здравоохранения РК №ҚР ДСМ-259/220, от 14.12.2020 года.

В ведении Предприятия находится лишь то имущество, которое необходимо ему для осуществления деятельности, предусмотренной Уставом, и административно-хозяйственной деятельности.

Предприятие имеет, согласно утвержденному нормативу: 1 (один) служебный автомобиль, который обслуживает 1 (один) водитель, 2 (два) специальных автомобиля, которые посменно обслуживают круглосуточно 4 (четыре) водителя, а также 1 (один) фронтальный погрузчик (колесный трактор), используемый и обслуживаемый водителями в зимнее время для уборки территории Предприятия.

На Предприятии в соответствии с Законом Республики Казахстан «О противодействии коррупции» регулярно, один раз в квартал, проводится разъяснительная работа, направленная на профилактику коррупционной деятельности среди работников, а также повышение эффективности применения антикоррупционного законодательства в деятельности Предприятия.

С 2023 года на Предприятии действует утвержденная антикоррупционная документация, с которой были ознакомлены все работники Предприятия с подписанием необходимых документов по ней, которые подшиты в личные дела сотрудников Предприятия. Сама документация размещена на официальном сайте Предприятия. Вновь принимаемые сотрудники изучают утвержденную антикоррупционную документацию с подписанием необходимых документов по ней, которые также подшиты в их личные дела.

В первом квартале 2026 года все работники Предприятия предоставили уведомления о сдаче деклараций о доходах за 2025 год на себя и супругов (при наличии), которые подшиты в личные дела сотрудников Предприятия (форма 270).

Обращений от физических и юридических лиц по факту проявления коррупции в деятельности Предприятия и его сотрудников не поступало.

За анализируемые периоды 2025 и 2026 годов по деятельности Предприятия и его сотрудников в средствах массовой информации публикаций не было.

На сайте размещена информация о Предприятии, указан телефон доверия, по которому граждане могут сообщить о фактах злоупотребления должностными полномочиями сотрудниками Предприятия, график приема граждан директором.

Объявления о внутреннем анализе коррупционных рисков, о начале публичного обсуждения результатов внутреннего анализа коррупционных рисков Предприятия и протокол публичного обсуждения результатов внутреннего анализа коррупционных рисков Предприятия размещены на сайте Предприятия.

За анализируемые периоды 2025 года и 2026 годов актов прокурорского надзора не поступало.

Судебные разбирательства за анализируемые периоды 2025 и 2026 годов не проводились.

Коррупционных рисков по данному разделу при ВАКР не выявлено.

10. Результаты антикоррупционного мониторинга

Согласно антикоррупционному мониторингу, работники Предприятия не привлекались ни к уголовной, ни к административной ответственности за коррупционные правонарушения.

Использование бюджетных средств в рамках ГОБМП и ФОМС соблюдается строго в соответствии с финансированием, постоянно осуществляется контроль эффективности использования поступивших средств, так же ведется контроль на соответствие требованиям действующего законодательства и других правовых актов РК по вопросам планирования

бюджетных средств, сохранности и списания основных средств, товарно-материальных ценностей, государственных закупок, состоянии бухгалтерского учета и отчетности, соблюдения установленных нормативов использования транспортных средств, штатной численности.


Проведенный анализ коррупционных рисков Предприятия показал, что коррупционных правонарушений в деятельности Предприятия не выявлено.

Рекомендации:


1. Для недопущения коррупционных рисков на постоянной основе вести работу по пропаганде профилактики коррупционных правонарушений на Предприятии.
2. На основании анализа необходимо проводить мониторинг планирования средств для формирования Плана развития и проведения государственных закупок.
3. Не разрабатывать план мероприятий по устранению причин и условий, способствующих совершению коррупционных правонарушений, выявленных по результатам внутреннего анализа коррупционных рисков Предприятия, в связи с отсутствием коррупционных нарушений в деятельности Предприятия.
4. Разработать реестр должностей, подверженных коррупционным рискам.

Члены комиссии по противодействию коррупции:


Асанова Г.Н.



Горшкова Е.С.



Коос О.В.



Шаймерденова А.Т.



Тян-Ю-Чан Л.В.

